

Бекітемін:

Мектеп директорының у..м.а: Н.Танбай



«Алаш ұлағаты - ұландар үнінде»
Жас Ұлан ұйымының жылдық жоспары жоспары
Тәлімгер : А.Ембаева

2023-2024 оқу жылы

«ЖАС ҰЛАН» ҚЫЗМЕТІНІҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

«Жас Ұланның» мақсаты мен міндеттеріне сүйене отырып, тұжырымдаманың басты бағыттары жүзеге асырылады:

1. **«Зерде»** (танымдық) бағыты - өзін-өзі тану, отбасы және қоршаған орта туралы толық білу, осы заманғы ғылыми және мәдени біліммен қарулану, өз елінде және өзге елде болып жатқан жаңалықтармен танысу. Сабактан тыс уақытта оқушылардың зияткерлік деңгейінің көтерілуін, жан-жақты көзқарасының кеңейуін жетілдіруге, үнемі ізденіс пен білімге деген құштарлығын арттыруға ықпал ететін шараларды қамтиды.

2. **«Руханият»** (адамгершілік, адалдық) бағыты - балалар мен жас жеткіншектерді жалпы адамгершілік қасиеттерге ие болуға және Отанға, еңбекке, жалпы қоршаған ортаға, өзінің жеке тұлғасына деген сезімін тәрбиелеу. Даму және дамыту, ізгілік пен парасаттылық қасиеттерін сіндіру. Жақсылық атаулыға деген сезімді арттыратын, жамандыққа жол бермейтін; ата-ана, туыс, достар, ұжым, халқы, Отан алдындағы парызын сезінетін, адалдық, адамгершілік ұстанымдарды берік сақтауға үйрететін шараларды қамтиды.

3. **«Отан»** (патриоттық) бағыты - Отанымыз – Қазақстанның өткен тарихы мен оның қалыптасу, даму, нығайту жолдарымен таныстыратын, халық тарихына қатысты ұлы тұлғалар жөнінде білім беретін, әдеби және мәдени құндылықтарды насихаттайтын, шет елде тұратын қазақ балаларымен байланыс орнатуға ықпал жасайтын, жалпы халықтық мейрам-мерекелерді өткізуді, мемлекеттік тілді меңгертіп, оның қолданылу аясын кеңейтуге бағытталған шараларды қамтиды.

4. **«Салауат»** (салауатты өмір салты) бағыты – ағзаны шынықтыратын, дененің дұрыс қалыптасуын, мүсіннің сымбатты болуын қамтамасыз ететін, гигиеналық дағдыларға баулитын, ұлттық ойындарды игеретін, олардың пайда болу және даму тарихымен таныстыратын, салауатты өмір салтын насихаттайтын, ірі спорттық жетістіктерге ынталандыратын, әр кезеңдегі

спорт саңлақтарының өмірі мен спорттағы жетістіктерімен таныстыратын шараларды қамтиды.

5. **«Еңбек»** (еңбексүйгіштік, іскерлік) бағыты – жеке тұлға ретінде қалыптасуға ықпал ететін қоғамдық негізде ұйымдастырылған жұмыстарға қатысу, өзі тұратын өңірде кең таралған еңбек түрлерімен танысу арқылы қажетті еңбек дағдыларын үйрену. Туған өлкесіндегі әр кезеңде еңбегімен танымал болған атақты тұлғалардың өмірі мен еңбектегі жетістіктерімен танысып, оны мақтаныш етуге, өнер түрлері (колөнер, сурет, мүсіндеу, архитектура, т.б.) туралы түсініктемелерін кеңейтуге, еңбек рахатын, сұлулығын сезіне білуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

6. **«Жеті жарғы»** (құқықтық) бағыты – мектеп Жарғысын, оқушыларға арналған мінез-құлық ережелерін білуге, оны сақтауға, мемлекет пен оның заңдарына құрметпен қарауға, жеткіншектердің күнделікті өмірде өздерінің жүріс-тұрысына басшылық жасай білуіне ықпал ететін, өз мемлекетінің азаматтарына қамқорлықпен қарап, ел байлығын халық игілігіне жұмсауға ат салысатын оқушылардың азаматтық белсенділігін қалыптастыруға, заң бұзушылыққа қарсы күресуге ықпал ететін шараларды, жастар арасында әр түрлі жүргізілетін әлеуметтік-құқықтық маңызы бар шараларды қамтиды.

7. **«Экоәлем»** (экологиялық) бағыты – табиғат туралы түсініктерін кеңейтуге, табиғат пен адамзат арасындағы байланысты сезінуге, қоршаған орта сұлулығын көре білуге, оны қорғауға, туған өлке табиғатын танып білуге, экологиялық мәдениетті қалыптастыруға, экологиялық зардаптардың себебін түсініп, оны жоюға ұмтылдыратын, жалпы экологиялық мәселенің адамзат тіршілігіне тікелей байланысын сезінуге ықпал ететін шараларды қамтиды.

«Алаш ұлағаты - Ұландар үнінде» Жас Ұлан ұйымының жылдық акциясы

(Алаш қозғалысының 105 жылдығына арналады)

№	Тақырыбы	Мазмұны	Нәтижесі	Уақыты
1	«Ақылды бейсенбі» тәлімгер уақыты	Тәлімгерлердің рубрикасын ашу. Рубрика арқылы жас ұландарға танымдық сағаттар, соның ішінде «Үш бәйтерек-бес арыс» тақырыбында Бес арыс: А. Байтұрсынов, Ш. Құдайбердіұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов Үш бәйтерек: С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин өнегелі өмірлерін насихаттап, шығармаларымен танысу, олар туралы деректі және көркем фильмдер көрсету. «Оқуға құштар мектеп», «Мектеп театры» жобасында алаш зияларының өнегелі өмірін насихаттау.	Атқарылған шаралар бойынша желіде бейнеролик (1-2 мин) жариялау	Ай сайын (8-10 сынып)
2	«Оқуға құштар ұлан» акция	«Алаштың сөнбес жұлдызы-М. Жұмабаев»-тың еңбектерін насихаттау. Шығармаларын оқу, барлық еңбектерімен танысу. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жас ұландарды кітап оқуға дағдыландыру, насихаттау, қызығушылықтарын арттыру.	Оқыған кітаптары бойынша желіде бейнеролик (30-45 сек) жариялау	Ай сайын (2-11 сынып)
3	«Әкем үйреткен»	Алаш зиялыларының өнегесін түсіндіру бойынша іс-шаралар, әке тәрбиесінің мектебін қалыптастыру. Әкеден үйренген өнегелерін «Алаш арысы А. Байтұрсынов туралы 30 факт», «Ж. Аймауытов-Алаштың айбозы», «Әлихан Бөкейханов: Аңыз адам», «М. Дулатов-мәңгілік ел алыбы» «Алаштың сөнбес жұлдызы-М. Жұмабаев» тақырыптарын ары қарай жалғастыра насихаттай отырып, Алаш өнегесін үйрену.	Атқарылған шаралар бойынша желіде бейнеролик (2 мин) жариялау	Ай сайын (2-11 сынып)
4	«Jas Ulan Team» жас ұлан Дардың еріктілік уақыты	Ұйымдағы еріктілер жасақтарының шаралары, қайырымдылық акциялары, танымдық сағаттар, апталықтар	Топтар құру, шаралар ұйымдастыру.	Ай сайын акция
5	«Менімен бірге арманда» акция	Қолайсыз отбасыдан шыққан, арнайы есепте тұратын, мінез-құлқы қиын балалармен жұмыс жүргізу. Алаш қайраткерлерінің өмірі туралы киноларды бірге көру, насихаттау.	Топтар құру, шаралар ұйымдастыру.	Ай сайын акция
6	«Көңілді үзіліс»	Сабак арасындағы үлкен үзілісте балаларға пайдалы шаралар ұйымдастыру. Қимыл – қозғалыс ойындары мен спорттық ойындар өткізу (еркіне қарай). Балалардың көңіл-күйін көтеру. «Жиырма минут кітап оқы» акциясын өткізу.	Көңілді үзіліс Мектепте үзілістер арасында ұйымдастырылатын шаралар бейнеролигін жариялау	Ай сайын (2-11 сынып)

		«Жастардың оқуға құштар құзіреттілігін дамыту, талантты балларды театр өнеріне тарту. Көріністер ұйымдастыру.		
7	«Адал Дос-Шын Дос» акция	Әрбір мектептегі инклюзивті сыныптағы балаларды шефтік көмекке алу. Олармен бірге шаралар өткізу. Ерекше қабілет тегі достарға кедергісіз кеңістік орнату.	Мектепте инклюзивті сыныптағы балалармен ұйымдастырылатын шаралар бейнеролигін жариялау	Ай сайын (8-10сынып)
8	«Өнерлінің өрісі кең» фестиваль	Аймақтық мектеп театрлары арасындағы достық кездесуін ұйымдастыру. Алаш арыстары туралы қойылымдар мен кино үзінділерді сахналау.	Аудандық, қалалық «Жас Ұлан» ұйымдарындағы мектеп театры шараларын жалғастыру. Желіде жариялау (бейнеролик)	Ай сайын (5-9сынып)
9	«Ұлағатты Ұлан», «Үздік Президент», «Оқуға құштар Өрен», «Үздік Театр» байқаулары ұйымдастыру	Алаш қайраткерлерін насихаттауда үздіктерін анықтау. Жоспар бойынша атқарылған шаралардың қорытындысымен үздіктерді марапаттау	Ай сайын шығарылған рейтинг, мониторингта үздік көреткіштер көрсету. Ұйымның барлық шараларын насихаттау. Ай сайын желіде атқарылған шаралардың бейнеролигін жариялау.	Ай сайын
10	«Мен жастарға сенемін» көшбасшылардың диалог аланы	Көшбасшы қасиеттерін дамытып, тұлға қалыптастыру шараларын ұйымдастыру. Өзі жүрген ортадағы әлеуметтік жағдайларды талқылып, мәселені шеше білу дағдыларына тәрбиелеу.	Тәлімгерлер мен көшбасшылардың Диалог аланы	Токсан сайын (9-11сынып)
11	«Ұлағатты Ұландар» эл. құрмет тақтасы	Тәрбие үдерісінде ұйымның жұмыс бағыттары бойынша белсенді ұландарды эл. құрмет тақтасына шығару. Мектеп теледидарында үзілістерде насихаттау.	Эл. құрмет тақтасын желіде жариялау	Токсан сайын (2-11сынып)
12	«Дармарқа» ұландардың сый жәрменкесі	Достары үшін сый жәрменкесін ұйымдастыру. Мектеп ішілік, аудандық сый жәрменкеге өзіне қолданып болған, бірақ әлі де қолдануға жарайтын заттарын сый жәрменкесіне апарып, достарын қуанту.	Сый жәрменке барысын желіде жариялау	Токсан сайын (6-11 сынып)
13	«Бақыттың кілті - еңбекте» жас акындар мұшайрасы (Поэзия, проза бағытында)	Жазуға құштарлығы бар балалардың шығармашылығын дамыту мақсатында «Ақмешіт жастары», «Ұстаз үні» т.б. жергілікті газеттермен байланыс орната отырып үздік, деп танылған жас акындардың шығармаларын газет беттерінде жариялауды дәстүрге айналдыру.	Тәлімгерлер арқылы акцияны жүзеге асыру. Желіде жариялау.	Токсан сайын (2-10сынып)
14	«STAND UP» медиафорумы	Барлық білім беру мекемелерінде медиасауаттылықтың әліппесін үйрету, ақпараттық сауатты ұрпақ қалыптастыру. Журналистика мамандығын таңдайтын оқушыларға кәсіби	Мектеп ішілік жобаны дамыту. Алғы шарттарын ұйымдастыру. Мектеп бойынша	Токсан сайын (8-11 сынып)

		бағдар беру. Оқушыларды мобилография, тележурналистика, радиожурналистикаға баули отырып, шығармашылығын шыңдау. Мектеп тынысынан ақпар беруге дағдыландырып, жас журналистердің, сауатты блогерлердің шоғырын қалыптастыру. 8-11 сынып оқушыларынан құралған белсенді, мультимедиялық журналистикаға жақын оқушылардың басын қосып, медиафорум ұйымдастыру.	атқарылған шараларды желіде жариялау	
15	«Отбасым-бақыт мекені» жанұялық акциясы	Отбасылық тәрбие арқылы отбасылық дәстүрлерді сақтауға және отбасының әлеуметтік –мәдени құндылықтарын қалыптастыруға бағытталаған шараларды насихаттау. Алаш зиялары туралы киноларды бауырларымен бірге көру.	Желіде жариялау Акция	Ақпан маусым (3-10сынып)
16	«Бабалар Үні» челлендж эпостық жырларды жатқа оқу айлығы	Батырлар жырын жатқа оқу акциясын жалғастыру. Сыныптағы балаларды толық қамтуға ат салысу.Эпостық жырларды жаттау арқылы «Трендте кітап оқу», «20 минут кітап » жобаларын іске асыру. Отбасымен кітап оқуға дағдыландыру.	Желідегі «Бабалар үні» акциясында балалардың шығуы	Ақпан маусым (7-10сынып)
17	«Қасиетті Домбыра » жас домбырашылар байқауы (күйшілер мен термешілер екі бағыттағы байқау)	Ұлттық құндылықтардың бірі-домбыра күнін өткізу.Наурыздағы көрісу күніне орай мектептегі жас домбырашылардың басын қосып аудан, қаладағы күйшілермен күй тарту, жыраулар күнін ұйымдастыру.	Желіде жариялау	Наурыз (5-10сынып)
18	«Наурыз поштасы»	Қарттар мен үйден оқитын балаларды, үлкен кісілер мен достарын ашық хаттармен құттықтау.	Желіде жариялау Акция	Наурыз (2-10сынып)
19	«Алаш жолы» шығармашылық апталығы	Алаш арыстарының қанатты сөздері мен ой-толғамдарын бойына сіңіртуге бағытталған сынып сағаттары. 1-11сынып оқушыларын ұлтты ұйыстырған Алаш арыстарының ұлы сөздермен қаруланадыру, кинолары арқылы дәріптеу.	Желіде жариялау	Сәуір (8-11сынып)
20	«Қанатты достар» акциясы	Жыл құстарына арнап ұялар жасау.Оларды парктердегі, мектептердегі ,үйдегі талдарға орналастыру.	Акция Желіде жариялау	Сәуір (6-9сынып)

21	«Офлайн өмір»	Балалардың басын қосып ортақ мақсаттарға арналған шаралар ұйымдастыру. Пайдалы істермен айналысу.	Акция	Мамыр
22	«Plogging» жүгір және тазала акциясы 5-11 сынып оқушылары	Салауатты өмір салты және экологияға қамқорлықты біріктіретін «Plogging» акциясын алғаш рет Швецияда пайда болған. Аталған сөздің мағынасы жүгіру және коқыс жинау үдерісі дегенді білдіреді. Акция аясында жүгір және тазала ұранымен денсаулығын жақсартып отырып, тазалықты қоса ұйымдастыру.	Желіде жариялау	Мамыр (5-11 сынып)
23	«Бұрым trend» тик-ток байқауы	Мектепте бұрымымен көз тамсандырар, білімімен көңіл сүйсіндірер қыз балаларды насихаттау. Инабатты, ибалы, әдемі бұрымымен жан-жағына шуақ сыйлар қыз балаларды үлгі ретінде көрсете отырып, тик-ток желісін тиімді қолдануға шақыру.	Желіде жариялау	Қыркүйек (5-11 сынып)
24	«Эко boom» жобасын іске асыру	Жоба экологиялық білім мен дағдыларды патриоттық сезімді өз, өз жеріне, өз ауылына қаласына деген сүйіспеншілігін арттыру. Сенбіліктер ұйымдастырып, арықтарды тазалау, тал отырғызу шараларына қатыстыру.	Акция Желіде жариялау	Қыркүйек (6-9 сынып)
25	«Bala business» жобалар байқауы	Жас кәсіпкерлер мектебін құру. Қоғам мен өмір сүру сапасын жақсартуда әлеуметтік маңызы бар идеяларды қолдау. Балалар бастамаларын іске асыру. Инновациялық стартаптарды іске асырып, жобалар дағдыларын үйрету. Кәсіпкерлермен кездесулер ұйымдастырып, тренингтер өткізу.	Аудандық байқау	Қазан (9-11 сынып)
26	«Есо Alem» үстелдік эко-ойыннан турнир өткізу	Балалардың экологиялық білімдері мен мәдениеттерін дамыту. Экологиялық тәрбие беретін шараларды ұйымдастыру.	Аудандық, қалалық жарыс ұйымдастыру.	Қараша
27	«Ата мектебі», «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебін» құру	Сыныптарда тәрбиеге байланысты Ата мектебі, «Әже мектебі», «Әке мектебі», «Ана мектебі», «Аға мектебін» топтары жасақталып, жұмысын жандандыру.	Мектептердегі «Жас Ұлан» ұйымдарында	Жыл бойы